

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ
Ж.Қ.АСАНОВҚА**

*Қызылорда облысы, Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті, А.Байтұрсынов көшесі
М.Орынтаевадан*

А Л Ғ Ы С Х А Т

Құрметті Жақын Қажыманұлы!!!

Сізге және өзіңіз басқарып отырған Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының судьяларына айтар алғысым шексіз.

Себебі, Өзіңізге 2020 жылы келтірген заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарауға ұсыну енгізу туралы өтініш хатымды аяқсыз қалдырмай қарап, келтірген уәждерімнің негізінде Қызылорда облысы, Қазалы аудандық сотының судьясы Д.Н.Абыкалыковтың 26 қараша 2018 жылғы заңды белшесінен басып, менің Конституциялық құқықтарымды таптай отырып, қабылдаған шешімін касацциялық тәртіппен қайта қарауға ұсыныс келтіріп, нәтижесінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасында аса құрметті судья Мырзаке Ғ.Ж. төрағалығымен, құрамындағы аса құрметті судьялар Бектұрғанов М.Ж., Даниярова Ш.Т., Кейкибасова З.Б., Қуанышбаева Р.А., Молдахметова Т.Ә., Сисенова Н.О., азаматтық ісім астарлы қаралып, ісім бойынша жалғыз дұрыс заңды шешім қабылданды.

Расында қазіргі таңда қоғамымызда соттардың тарапына айтылып жатырған сын-ескертпелер жетерлік, жасырмаймын кешегі күнге дейін әділдікті таппай осы жандардың арасында менде болдым. Сот төрелігімен әділдігіне, заңмен сот алдында барлығы тең деген тұжырым жәй бос сөздей көрдім, оған әрине себепші болған сот жүйесінде берген антына берік болмай, жалпы Қазақстан Республикасының сот жүйесінің атына кір келтіріп жүрген Д.Абдикалыков секілді судья десем артық болмас.

Дегенмен, өзіңіздің қолдауыңызбен ісім қайта қаралып, сот әділдігі орынатылды.

Аса құрметті Жақып Қажыманұлы, Сізге және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының жоғарыда аталған судьяларына, әділдік жолында атқарып жатқан елеулі еңбектеріне табыс, қажымас қайрат тілеймін. Әрбір істің артында бүтіндей отбасының тағдыры тұрғандығын айта кете, Сіздердің әр бір қабылдаған әділ шешімдеріңіз елеусіз қалмайдығына және уақыт сыншы дегендей осындай игі істеріңізге тарих өзінің оң бағасын беретіндігіне сенімдімін.

Ізгі құрметпен, зейнеткер



М.Орынтаева